

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

«Тұмау – қауіпті дерт»

Медбике: З. Бульдешова

Биназар ауылы 2022-2023оқу жылы

Тұмау – қауіпті дерт

Жаз, күз өтіп, қыс лебі сезіле бастаған кезде тұмауратушылардың көбейіп кететіні ежелден белгілі. Сондықтан одан сақтана білген жөн. Тұмау – бұл жіті респираторлық вирустық инфекциялар (бұдан әрі – ЖРВИ) тобына кіретін тұмау вирусы тудыратын жіті ауру. Қазақстанда жыл сайын эпидемиологиялық кезеңде ЖРВИ-мен және тұмаумен 800 мыңнан 1 миллионға дейін адам ауырады.

Тұмаумен ауыратындардың саны артқан сайын, тұмаудың асқынуы да өршиді, бұл – заңдылық. Бұдан кейін вирус ешқайда кетпейді. Сырқаттанушылықтың маусымдық артуының себебі бола отырып, адамдар арасындағы циркуляциясы жалғаса береді.

Тұмау вирусы барлық елдерде және кұрлықтарда таралған. Қысқы айлардағы сырқаттанушылық шегі адамдардың, әсіресе балалардың, жұмыс орындарында, мектептерде, балабақшаларда және қоғамдық көлікте тығыз байланыста және өте белсенді болуымен түсіндіріледі.

Тұмау вирусы ауадағы белсенділігін төрт сағатқа дейін сақтайды. Вирустар төмен температураны «жақсы көреді» – плюс 4°C-ге жуық температура (тұрмыстық тоңазытқыштағы жағдай) оңтайлы болып табылады. «Жақсы көреді» деп айту себебім, тек осы температура кезінде вирус ұзақ сақталады. Осымен қатар, олардың көбісіне ыңғайлы температура – бұл адам денесінің температурасы.

Сілекей мен қақырық тамшыларында болатын тұмау вирусы, осы тамшылар төсек-орында, жұмыс үстелінде, т.б. кепкен соң және оларға сіңгеннен кейін белсенділігін екі аптаға жуық, ал бөлме шаңында бес аптаға дейін сақтайды! Барлық дезинфекциялаушы құралдар тұмау вирусын тез жояды және осы құралдарды қолданып, стандартты ылғалды тазалау – үй-жайларды зарарсыздандырудың тиімді тәсілі. Бөлмелерді жиі желдетіп тұруды да ұмытпаған жөн.

Жоғарғы тыныс жолдарына түскен кезде вирус жасушалардың қабықшаларын зақымдап, оның ішіне кіреді. Жасушалардың ішінде вирус тез көбейеді. Жұқтырылғаннан кейін алғашқы тәуліктердің аяғына қарай бір вирус ондаған триллионнан аса вирустық бөлшекті түзеді. Көбейген вирустар жоғарғы тыныс алу жолдарынан шыққаннан кейін жасушалар бұзылады. Тұмаудың алғашқы симптомдары – мұрынның бітелуі және тамақтың жыбырлауы осыған байланысты.

Жасушалардан шыққаннан кейін кейбір вирустар қанға өтеді және қанмен

бірге ары қарай бүкіл организмге таралады. Және де қан тамырларын және ішкі органдарды зақымдайды. Қан тамырларының өте анық байқалатын өзгерістері өкпеде және мида байқалады.

Тұмау вирусы адам ағзасының иммунитетін төмендетеді. Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан бастап 2-3 күнге дейін созылады. Тұмаудың жеңіл түрімен ауыру ұзақтығы – бір апта. Дене қызуының 40 градусқа дейін көтерілуі, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, буынның және бұлшық еттің, бастың және тамақтың ауыруы, жөтелу, мұрынның бітелуі аурудың негізгі белгілері болып табылады. Тұмаудың асқынуларына құлақ, тамақ, мұрын аурулары, жүйке жүйесіне байланысты асқынулар, сондай-ақ созылмалы аурулардың: жүрек-қан-тамырлық, өкпе, бронх тарапынан, қант диабеті және эндокриндік жүйенің басқа да ауруларының өршуі жатады.

2 жасқа дейінгі балаларда, созылмалы аурулары бар және жасы үлкен адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді. Сондай-ақ, ерекше қауіптілік тобына жүкті әйелдер де жатады. ЖРВИ және тұмау жүкті әйелдердің иммунды жүйесін де, эндокриндік жүйесін де бұзуы мүмкін. Мұндай жағдайда жүкті әйелдерде әлсіздік пайда болып, ұйқысы бұзылады және созылмалы аурулары өршиді. Әдетте жүкті әйелдер тұмауға шалдыққан кезде балаға қанның жүруі күрт азаяды, осыған сәйкес бала жолдасы арқылы ұрық организміне оттек аз беріледі. Сонымен қатар, шала туудың жиіленуін көрсететін нақты мәліметтер бар.

Өкінішке қарай, жағдайы нашарлаған дер кезінде емдеу мекемесіне келмеген науқастарға қалыпты жағдайда жиі қолданылатын жекелеген препараттар көмектеспеуі де мүмкін. Сондықтан өз бетінше емделуге болмайды. Балалар мен жүкті әйелдерді емдеу тек дәрігердің тағайындауы бойынша және дәрігердің бақылауымен жүргізілуі керек. Тұмаудың алғашқы белгілері байқалысымен дәрігерді үйге шақыру жөн.

Кез келген ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын алған дұрыс. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сырқаттанушылықты, асқынуларды және өлім-жітімді айтарлықтай азайтатын, халықты тұмаудан қорғайтын жалғыз және тиімді іс-шара ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынды.

Тұмауға қарсы вакцинациялау еңбекке жарамсыздық қағазы бойынша төленетін төлемдерді және өндірістік шығындарды (ішкі жалпы өнім – ІЖӨ), тұмауды және ЖРВИ-ді, сондай-ақ олардың асқынуларын емдеуге кететін шығындарды 2 есе қысқартатыны дәлелденді. Шетелдік және отандық авторлардың (Исмагулов А.Т., Каральник Б.В.) мәліметтері бойынша, ұжымдарда тұмауға қарсы қызметкерлердің жартысынан көбін егумен қамтыған кезде

тұмаумен сырқаттанушылық 5 есеге дейін төмендейді; қысқы кезеңде жастары ұлғайған қарт адамдар арасында пневмония, миокард инфаркты және инсульт жиілігі 3 есеге дейін төмендейді. Тұмауға қарсы егілгендерде инфекция жеңіл өтеді, асқынулар мен өлім-жітім жиілігі азаяды. Сонымен, егілген пациенттер арасында егілмегендермен салыстырғанда, бронхиальды астмамен, жіті орташа отитпен ауру 3 есеге дейін сирек байқалды.

Қазақстанда жыл сайын тұмауға қарсы егілушілер саны өсіп отыр, 2011 жылы тұмаудың эпидкезеңі алдында 1,2 млн.-ға дейін халық егілді. Егілгендер арасында вакцинадан кейінгі асқынулар байқалмады.

Ағымдағы жылы елімізде тұмауға қарсы 2012 жылғы 1 қазан айынан жаппай вакцинация басталады. Қазіргі уақытта облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының аумақтық әкімдігі жергілікті бюджет қаражатынан 549,8 млн. теңгеге қауіптілік тобындағы адамдарға маусымдық тұмауға қарсы 800 мыңға жуық вакцина сатып алынды. Вакциналардың ДДҰ сертификаты бар және Қазақстанда тіркелген.

Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметі аналар мен сәбилердің денсаулықтарын сақтауға көп көңіл бөлуде. Елбасы 2010 жылғы Жолдауында алдағы он жылдықта атқарылар нақты міндеттерді көрсетті. «Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты – міне, осылар денсаулық сақтау саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс», – деді Мемлекет басшысы. Қазіргі уақытта халықтың күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға (2015 жылға қарай – 70 жасқа дейін), ана мен нәресте өлім-жітімін төмендетуге жету жолымен денсаулық жағдайын жақсартудың басым стратегиялық бағыттары белгіленді. Осы мақсатты іске асыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы №1113 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен қарастырылды.

Осыған байланысты, Қазақстанда ағымдағы жылдан бастап ДДҰ ұсынымына (2006 ж.) сәйкес, жүкті әйелдер арасында екінші және үшінші триместрінде тұмауға қарсы вакцинация жүргізілетін болады. 2007-2011 жылдары республикада отбасылық бюджет есебінен әртүрлі мерзімдегі 10 мыңнан аса жүкті әйел егілді, ешбіреуінде вакцинадан кейінгі реакция асқыну тіркелмеді, сондай-ақ вакцинациядан кейін ешқайсысы ауырған жоқ.

Дүние жүзінде тұмауға қарсы вакцинаның қауіпсіздігін көрсететін, жүктіліктің өтуіне және балаға теріс әсер етпейтін көптеген зерттеу

жүргізілді.

Тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылар көбейген кезде халық көп жиналған орындарда болмауға, салқын тигізіп алмауға тырысу қажет және ауа райына сәйкес киіну керек. Сол сияқты, таза ауада серуендер алдында немесе көшеге шығар кезде мұрныңызға оксалин майын жағып алсаңыз тұмау немесе басқа ЖРВИ вирустарының тыныс жолдарына енуі күрт төмендейді



ӨЗ БОЙЫҢЫЗДАН ГЕПАТИТТІҢ БЕЛГІЛЕРІН БАЙҚАСАҢЫЗ – БІРДЕН ДӘРІГЕРГЕ ЖҮГІНІҢІЗ!

Балалардағы тұмаудың спецификалық белгілері

Интоксикация

Бас ауруы

Жоғары қараған
кезде ауырсыну

Бұлшықет
ауруы

Шырышты
қабықтың
қабынуы

Жоғары
температура
(5-7 күн)

